



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

02.04.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№15

город Алматы

**Алматы қаласында коронавирустық  
инфекция таралуын шектеу жөніндегі  
шараларды күшейту туралы**

COVID-19 мутацияланған штаммдарына байланысты Алматы қаласындағы эпидемиологиялық жағдайдың жалғасып жатқан нашарлауын ескере отырып, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын шектеу мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар қамтамасыз етсін:**

1) осы қаулыдағы 1-қосымшаға сәйкес Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілеріне шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруды;

2) 2020-2021 оқу жылының соңына дейін ТжКБ, ЖОО студенттерін және жалпы білім беретін мектеп оқушыларын қашықтықтан оқыту форматына көшіру. Ата-аналардың өтініші бойынша 1-5 сыныптарды қоса алғанда (халықаралық мектептерде 1-7 сыныптарды қоса алғанда), 15 адамға дейінгі балалар саны бар 9 және 11 (12) сыныптардағы кезекші сыныптарға және 15 адамға дейінгі сыныптарды жинақтаумен 300 оқушыға дейінгі контингенті бар мектептердің дәстүрлі форматында оқуға рұқсат етуді;

3) осы қаулыдағы 2 – қосымшаға сәйкес шектеу іс-шараларын, оның ішінде COVID-19 бойынша карантин енгізу кезеңіндегі студенттер жатақханаларының жұмыс режимін;

4) қоғамдық орындарға (оның ішінде қалалық қоғамдық көлікте жол жүру кезінде) және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда) маска кию, қашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтауды, қызметі рұқсат етілмеген объектілерге баруға тиым салуды;

5) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне тыйым салуды;

6) жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (мемлекеттік, ұлттық табиғи парктерде, қорықтарда, резерваттарда және басқаларда) 15 адамнан аспай, маска режимін және 1,5 метрден кем емес қашықтықты сақтай отырып болуға рұқсат беруді;

7) кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізуге тыйым салуды;

8) «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

9) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

10) қоғамдық көлікке, таксиге, метроға, әуежайларға, т/ж және авто - вокзалдарға, аула балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

11) білім мекемелеріндегі қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне тыйым салу;

12) Тұрғын үй саясаты және қалалық мобильділік басқармасы коронавирустық инфекцияның белсенді ошақтары бар үйлердегі аулалық және кварталаралық балалар ойын алаңдарын, кіреберістер мен лифтілерді, соңғы аялдамаға әрбір кіреберісте қоғамдық көлікті күнделікті дезинфекциялауды қамтамасыз етсін;

13) «Алматы қаласы дезинфекция орталығы» ҰСО филиалына коронавирустық инфекция ошақтарында лифтілерді, баспалдақ алаңдарын және лифтіге дейін және лифтіден кіреберістен шығуға дейінгі маршруттарды қамти отырып, дезинфекциялауды қамтамасыз етсін; лифтілер - баспалдақ

алаңдары және КВИ-мен ауыратын науқастың пәтерінен кіреберістен шығуға дейінгі маршрут болмаған кезде қорытынды дезинфекция жүргізу кезінде 1 рет қамтамасыз етсін;

14) Мониторингтік топтар объектілердегі және қоғамдық көліктердегі шектеу іс-шараларының орындалуын күндізгі және түнгі уақытта бақылауды қамтамасыз етсін;

15) мемлекеттік органдардың қызметкерлерін (әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің, мониторингтік топтардың мүшелерін, прокуратураның, полицияның, Алматы қаласы ТЖД мен аудандық бөлімшелердің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, ұлттық қауіпсіздіктің, соттардың, санитариялық - эпидемиологиялық қызметтің, әлеуметтік қорғаудың), сондай-ақ волонтерлерді (әкімдіктердің ұсынған тізімдеріне сәйкес), мәйітхана және сот-медициналық сараптама қызметкерлерін ай сайын 1 рет профилактикалық мақсатта зертханалық тексеруді қамтамасыз ету.

2. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 20.03.2021 ж. № 11, 27.03.2021 ж. № 12, 29.03.2021 ж. № 13 және 30.03.2021 ж. № 14 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 03 сәуірінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Ж. Бекшин**

Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігерінің 2021 жылғы  
02 сәуірдегі № 15 қаулысына  
1-қосымша

**Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілердің  
жұмысын шектеу өлшемшарттары**

№	Объектілер / салалар	Қызыл аймақ
1.	Өнеркәсіп, көлік және құрылыс объектілері (қызметкерлерді жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру ұсынылады)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, тұрмыстық үй-жайларда байланыстарды болдырмау шартымен рұқсат етіледі
2.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша қызметтер және т. б.)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
3.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
4.	Гүл дүкендері, фотосалондар	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
5.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
6.	Мұражайлар, кітапханалар, зоологиялық саябақ	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
7.	Кітапханалар	тыйым салу
8.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер, зоодүкендер(оның ішінде СОСО-да орналасқандары)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 24.00-ге дейін
9.	Азық-түлік емес дүкендер, оның ішінде құрылыстық	жұмыс уақытын шектеу сағ.

		10.00 ден 20.00-ге дейін
10.	Балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтары, мектептерден тыс үйірмелер (бал билері, музыкалық аспаптарда ойнауды үйрету және т.б.).	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, 10 адамнан көп емес топтар толтырылған кезде (1 адамға 4 ш.м. кем емес), алдын ала жазылу бойынша.
11.	Шаштараздар, косметологиялық және сұлулық салондары орналасқан жеріне қарамастан	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау, антисептикалық құралдарды пайдалану кезінде, жазба бойынша, толтырылатынынан 50% артық емес
12.	Супермаркеттер, гипермаркеттер, тамақ өнімдерін сататын сауда желілері	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, 1 келушіге 4 ш. м. қамтамасыз ету, жұмысты 06.00-ден 02.00-ге дейін шектеу
13.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау, антисептикалық құралдарды пайдалану кезінде, толтырылуы 50%-дан артық емес
14.	Ашық базарлар (азық-түлік және әмбебап), сондай-ақ жабық азық-түлік базарлары	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды пайдалануды қатаң сақтай отырып және санитарлық патрульдерді ұйымдастыра отырып (жексенбіден басқа) рұқсат етіледі
15.	Жабық әмбебап (азық-түлік емес) базарлар	1 келушіге кемінде 4 ш. м. толтырумен, маскалық режимді, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтаумен және антисептикалық құралдарды пайдаланумен және санитариялық патрульдерді ұйымдастырумен (сенбі және жексенбіден басқа) рұқсат етіледі

16.	СОСО және сауда үйлері	<p>Рұқсат етілген (сенбі және жексенбіден басқа);  Жұмыс күндері-Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып және антисептикалық құралдарды пайдалана отырып, 1-келушіге кемінде 4 ш. м. толтыра отырып, жұмыс режимін 10.00-ден 22.00-ге дейін шектеу санитарлық патрульдерді ұйымдастыру</p>
17.	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайдағы), оның ішінде СОСО және СҮ-де орналасқан бөлек кіретін	<p>сенбі және жексенбі күндері жазғы алаңдардан басқа жұмыстарға тыйым салынады.  Жұмыс күндері уақыты бойынша 7.00-ден 22.00-ге дейін шектеу үстел арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, залдағы 50% - дан аспайтын және 30-дан аспайтын отыратын орын және жазғы алаңдардағы 50 орыннан аспайтын; үй-жайды рециркуляторлармен жарақтау кезінде залдағы 50-ге дейін отыратын орынға рұқсат етіледі.</p>
18.	Жазғы алаңдарды қоса алғанда, халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар жанындағы қоғамдық тамақтандыру объектілері (қонақ үйлер, қонақ үйлер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	<p>Сенбі және жексенбі күндері жазғы алаңдардан басқа (50 орынға дейін) жұмысқа тыйым салынады.  Жұмыс күндері уақыты бойынша шектеу сағат 7.00-ден 22.00-ге дейін үстел арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және залда 30 отыратын орын мен жазғы алаңдарда 50 орыннан аспайтын;  Үй-жайды рециркуляторлармен жарақтау кезінде залда 50-ге дейін отыратын орынға жол</p>

		беріледі.
19.	Сауда объектілерінің барлық түрлерінен Онлайн – сауда	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып, тек жеткізу үшін, уақыт шектеусіз
20.	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорттар	сенбі және жексенбі күндері- жұмысқа тыйым салу; жұмыс күндері-жұмыс режимін шектеу сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін тек СОСО және СҮ тыс жерлерге жеткізу және шығару,
21.	Отыратын орны жоқ қоғамдық тамақтану объектілері (стационарлық емес, жылжымалы)	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып, тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
22.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазба бойынша)	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып, жазба бойынша
23.	Қоғамдық көлік (қалалық және қала маңындағы маршруттар)	штаттық кестеге сәйкес маска режимін сақтай отырып
24.	Банктер және де қаржы нарығының өзге нысандары, 20 және одан көп қызметкерлері болған жағдайда	Рұқсат етіледі, маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қызметкерлердің кемінде 40% - ы қашықтықтан жұмыс нысанына ауыса алатын филиалдарды (бөлімшелерді, пункттерді) қоспағанда, қызметкерлердің жалпы штат санының кемінде 60% - ын қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстыру қамтамасыз етілсін
25.	Мектепке дейінгі мекемелер	кезекші топтар 15 баладан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде
26.	Технологиялық процесс қызметкерлердің жұмыс орнында болуын қажет ететін өнеркәсіптік, құрылыс және өзге де ұйымдарды және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен объектілер	80% - қашықтағы режим; 20% - күндізгі режим;
27.	Діни объектілер	тыйым салу
28.	Қоғамдық моншалар	Әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтап және

		антисептикалық құралдарды қатаң сақтап отырған «ASHYQ» пилоттық жобасына қатысушыларды қоспағанда, тыйым салу
29.	Сауналар, СПА-орталықтар, бассейндер	Әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтап және антисептикалық құралдарды қатаң сақтап отырған «ASHYQ» пилоттық жобасына қатысушыларды қоспағанда, тыйым салу
30.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысы (электричкалар)	жалпы вагондарсыз
31.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
32.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	тыйым салу
33.	Спорт объектілері	тыйым салу, аккредиттелген ҚР ҰОК құрама командалары мүшелерін даярлау үшін қоспағанда
34.	Спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, оның ішінде йога	тыйым салу, «ASHYQ» пилоттық жобасына қатысушыларды қоспағанда, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып және антисептикалық құралдарды қатаң сақтай отырып
35.	«Медеу» ЖТК	жаппай сырғанауға тыйым салу
36.	«Шымбұлақ» ТК	Маска режимі мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 500 адамға дейін келушілерге рұқсат ету
37.	«Шымбұлақ» ТК қоғамдық тамақтану объектілері	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, тек алып шығуға және жеткізуге, уақыт бойынша шектеусіз
38.	Мәдениет объектілері (дайындық)	тыйым салу
39.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	тыйым салу
40.	ХҚКО, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері	Маска режимі мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, сенбі, жексенбі күндері жұмысына тыйым салу, жұмыс күндері 9.00 ден 18.00 ге дейін уақытын шектеу,



		жазба бойынша
41.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
42.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
43.	Боулинг-орталықтар	тыйым салу, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып және антисептикалық құралдарды пайдаланушы «ASHYQ» пилоттық жобасына қатысушыларды қоспағанда
44.	Компьютерлік клубтар	тыйым салу, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып және антисептикалық құралдарды пайдаланушы «ASHYQ» пилоттық жобасына қатысушыларды қоспағанда (16 жастан бастап)
45.	Цирктер	тыйым салу
46.	Балалар ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), оның ішінде СОСО, СУ орналасқан	тыйым салу
47.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	тыйым салу
48.	Көрермендерсіз спорттық іс-шаралар өткізу	ақпараттық қамтамасыз етусіз, қатысушыларды COVID-19 ға міндетті ПТР зерттеу
49.	Банкет залдары, түнгі, ойын және лото клубтары, караоке, бильярд	тыйым салу
50.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	тыйым салу

**Студенттік жатақханалардың жұмыс тәртібі алгоритмі  
шектеу іс-шараларын енгізу кезеңінде,  
оның ішінде COVID - 19 бойынша карантин**

1. Білім беру объектісі басшысының бұйрығымен шектеу іс-шараларын, оның ішінде COVID-19 бойынша карантин енгізу кезеңінде жатақханаларда профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың сақталуы, қызметкерлерге коронавирустық инфекцияның алдын алу мәселелері бойынша күнделікті нұсқама жүргізу үшін жауапты адам (медицина қызметкері) бекітілсін.

2. Денсаулық жағдайы туралы және жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен байланысының жоқтығы туралы медициналық анықтама болған жағдайда студенттерді жатақханаға орналастыруды жүзеге асыру.

3. Жіті респираторлық вирустық инфекция белгілері бар және температуралық адамдарды оқшаулау үшін жұмыс істеп тұрған медициналық оқшаулағыштардың болуын қамтамасыз ету.

4. Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық және бетперде режимін, тұрғындар арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтау және жатақханалардағы бөлмелерді 50%-ға дейін толтыру шартымен студенттердің жатақханаларда тұруын, студенттердің бөлмелерде 2 адамнан аспай тұруын қамтамасыз ету.

5. Жатақханаларда студенттердің кіру және шығу журналына тіркей отырып, белгіленген рұқсаттама режимін қамтамасыз ету, бөгде адамдардың жатақханаларға кіруіне жол берілмейді.

6. Барлық қызметкерлер мен студенттерді күнделікті сүзгіден өткізіп, дене температурасын өлшеп, денсаулық жағдайына сауалнама жүргізіп, журналға тіркеу. Сүзгіні жүргізу кезінде адамдардың көп жиналуын болдырмау және әлеуметтік қашықтықтың (кемінде 2 метр) сақталуын қамтамасыз ету.

7. Жедел респираторлық инфекциялар белгілері бар, COVID-19 және басқа да жұқпалы ауруларға күдікті қызметкерлер, студенттер анықталған

жағдайда оларды медициналық изоляторға уақытша оқшаулауға, күндізгі уақытта - осы оқу орнына қызмет көрсететін учаскелік дәрігерді (немесе аумақтық емхананың ұтқыр тобының медицина қызметкерлерін), түнгі уақытта - жедел медициналық жәрдем дәрігерін шақыру.

8. Білім беру объектісінің әкімшілігі жатақханада аурудың симптомсыз және жеңіл нысандарымен COVID-19 ауыратын адамдарды және байланыста болған студенттерді оқшаулау үшін жеке сыртқа шығатын жолға ие (немесе оқшауланған қабат) үй-жайлардың жеке блогын ұйымдастырсын.

9. Қызметкерлердің, студенттердің жеке гигиенаны сақтауы үшін жағдай жасау (санитариялық тораптардың жұмыс істеуі, қол жууға арналған қолжуғыштардың, сабындардың, санитайзерлердің болуы). Санитариялық тораптарға жүйелі түрде дезинфекциялық өңдеу жүргізу, жинау құрал-жабдықтары өңдеу жүргізілгеннен кейін дезинфекциялануға жатады.

10. Термометрлердің, дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептиктердің, персоналға арналған жеке қорғаныш құралдарының (маскалар, қолғаптар) жеткілікті санының болуын қамтамасыз ету. Пайдаланылған ЖҚҚ-ны жинап шығару үшін арнайы бөлінген орындарда пакеттерге жүргізілсін, одан әрі қатты тұрмыстық қалдықтар ретінде мамандандырылған ұйымдармен әкетілсін.

11. Дезинфекциялау құралдарын дайындауды тиісті ЖҚҚ қолдана отырып, нұсқаулыққа сәйкес жақсы желдетілетін үй-жайда жүргізу керек. Техникалық персонал үшін дезинфекциялау құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықты көрінетін жерге орналастыру қажет.

12. Желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің жұмысын, үй-жайларды желдету режимін сақтауды қамтамасыз ету.

13. Дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үй-жайларды үнемі ылғалды жинауды жүргізу, жалпы пайдалану орындарын қол жууға арналған құралдармен және антисептиктермен қамтамасыз ету.

14. Бірлескен тамақ ішуді болдырмау, жатақханда тұратын тұлғалар арасындағы байланысты шектеу.

15. Коронавирустық инфекцияның асимптоматикалық, жеңіл түрімен ауыратын студенттерге және байланыс студенттеріне изолятордың сыртқы есігіне дейін, жеке қорғаныс құралдарымен (респиратор, қолғап) қорғалған жауапты қызметкерлер (еріктілер) азық-түлік өнімдерін, басқа да қажетті жеке гигиена құралдарын байланыссыз жеткізуді ұйымдастырсын.

16. Жатақханаларда мәдени-бұқаралық, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізуге жол бермеу.

17. Тәуекел топтарын ескере отырып, созылмалы аурулары бар студенттерге ерекше медициналық бақылауды қамтамасыз ету.

18. Қашықтықтан оқыту форматында оқу уақытында жатақханаларда тұратындар адамдар азық-түлік дүкендері мен дәріханалардан сатып алу үшін шығу жолдарын қоспағанда, тұрақты тұратын орындарына немесе өзге де орындарға баруына тыйым салу.

19. Студенттер қашықтықтан оқыту режимінде оқу уақытына жатақханадан уақытша шыққан кезде жазбаша, оның ішінде электрондық байланыс арқылы білім беру ұйымына жатақханадан шыққан уақытын, қайтып оралған уақытын және жіберілген орнын көрсете отырып хабарлайды.

20. Медициналық қызметкер жатақханадан шыққаннан кейін қайта оралған білім алушының денсаулық жағдайына қайта оралған күнінен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде мониторинг жүргізеді.

21. Білім беру объектісінің басшысы тиісті студенттер мен қызметкерлерге коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялауды ұйымдастыруға және жүргізуге жәрдем көрсетеді, олардың тізімін Т.А. Ә., туған күнін, ЖСН, үй мекенжайын, жұмыс, оқу орнын, факультетін, курсың көрсете отырып, аумақтық медициналық ұйымға (немесе студенттерге, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету орны бойынша медициналық ұйымға), аумақтық аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына жолдауды қамтамасыз етеді.